

**Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сухорабов селолық округі әкімінің 2010 жылғы 8 қазандағы № 7 "Шал ақын ауданы Сухорабов селолық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сухорабовка ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 қаңтарда № 6936 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес, Сухорабовка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сухорабов селолық округі әкімінің "Шал ақын ауданы Сухорабов селолық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" 2010 жылғы 8 қазандағы №7 шешіміне (2010 жылғы 5 қарашасында "Новатор" аудандық газетінде және 2010 жылғы 5 қарашасында "Парыз" аудандық газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13-14-114 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тілдегі деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосы" сөздері тиісінше "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тілдегі деректемелері мен мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*А. Марченко*